

Республикалық референдум туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 наурыздағы № 2151 Конституциялық заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.02. N 2593 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-ші бабына және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес республикалық референдум ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілеу мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Республикалық референдум ұғымы

Республикалық референдум - Қазақстан Республикасы мемлекеттік өмірінің неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған Заңдар мен шешімдердің жобасы бойынша бүкілхалықтық дауыс беру. Референдум Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.

2-бап. Республикалық референдум өткізудің

принциптері

Референдум өткізу:

жариялылық;

азаматтардың референдумға өз еркімен қатысуы және тілек-ниетін ашық білдіруі;

жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және тура сайлау құқығы;

Референдумға әр қатысушының бір дауыс иеленуі принциптеріне негізделеді.

3-бап. Республикалық референдумға қатысу құқығы

Референдумға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтары қатысады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының республикалық референдумға қатысу құқығын қандай болсын тікелей немесе жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады.

Референдумға сот кембағал деп танылған азаматтар және бас

бостандығынан айыру орындарына жазасын өтеп жатқан адамдар қатыспайды.

4-бап. Республикалық референдумға қойылатын мәселелер

Референдумның талқысына:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын өзгерту;
- 2) Қазақстан Республикасы мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

5-бап. Республикалық референдумның талқысы бола алмайтын мәселелер

Мына мәселелер:

адамның және азаматтың негізгі құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы және унитарлы мемлекет ретіндегі мәртебесін өзгерту; республикалық басқару нысанын қайта қарау;

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы мен шекарасының және Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығының бұзылуына әкеліп соғатын өзге де мәселелер;

әділ сот, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау;

республикалық бюджет пен салық саясаты;

рақымшылық пен кешірім жасау;

Қазақстан Республикасы Президенті, Парламенті мен Үкіметі қарауға тиіс адамдарды лауазымға тағайындау және лауазымынан босату;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері референдумның талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды.

6-бап. Республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу кезіндегі жариялылық

Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялы жүзеге асырылады.

Референдумға қойылатын мәселе, сондай-ақ оны өткізу туралы шешім азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі.

Референдум комиссиялары референдум өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өзінің жұмысы туралы, дауыс беретін учаскелер құру, комиссиялардың құрамы,

орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі туралы азаматтарды хабарландырады.

дауыс беру, дауыс санау, сондай-ақ дауыс беру нәтижесін анықтау кезінде референдум комиссияларының мәжілістеріне қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, халықаралық ұйымдар байқаушыларының қатысу құқығы бар. Өкілдердің өкілеттігі Орталық референдум комиссиясы белгіленген тәртіппен куәлендіріледі. Өкілдердің референдум комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың өкілдеріне республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға баруына кепілдік беріледі.

7-бап. Республикалық референдумдағы үгіт

Қазақстан Республикасы азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселелерді қолдап немесе қарсы жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиынында, бұқаралық ақпарат құралдарында үгіт жүргізу құқығына кепілдік беріледі.

Барлық баспа үгіт материалдарында оларды шығаруға жауапты ұйымдар мен адамдар туралы ақпарат болуға тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Басқа адамдардың құқығы мен бостандығын, қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға, конституциялық құрылысқа қол сұғуға байланысты үгіт жүргізуге жол берілмейді.

Референдум өткізілетін күннің қарсаңындағы күні және референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады.

Дауыс беретін жайлардан басқа жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарының, плакаттардың бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

8-бап. Республикалық референдумды қамтамасыз ету

Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар республикалық бюджеттің есебінен ғана жұмсалады.

Мемлекеттік органдар және меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын береді.

Шетелдік ұйымдардың, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгеше қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады.

9-бап. Республикалық референдум туралы заңдар

Референдум туралы заңдар мыналар:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;
Осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан
Республикасындағы Сайлау туралы кодекс;
осы Жарлық;
Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар
актілері.

II тарау. Республикалық референдум тағайындау
және әзірлеу

10-бап. Республикалық референдум тағайындау құқығы
Референдум тағайындау құқығы;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне беріледі, ол
Қазақстан Республикасының заңын қабылдау жолымен референдум
өткізу туралы шешім шығарады;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен консультациядан
кейін Қазақстан Республикасының Президентіне беріледі, ол Жарлық
шығару жолымен референдум өткізу туралы шешім қабылдайды.

11-бап. Республикалық референдум өткізу бастамашылығы
Референдум өткізу бастамашылығы:

Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінде;

Қазақстан Республикасының Президентінде;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінде болады, ол
референдум өткізу туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының
Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Үкімет өзінің мәжілісінде
Министрлер Кабинеті мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге
асырады және тиісті қаулымен ресімдейді;

сан жағынан Қазақстан Республикасының барлық облыстары мен астанасын
тең мөлшерде білдіретін, сайлау құқығы бар 200 мыңнан кем емес Қазақстан
Республикасының азаматтарында болады, олар республикалық референдум
өткізу туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне
тілек білдіреді.

Бір ғана мәселе бойынша референдум өткізу туралы ұсыныстар қайтара
енгізілуі мүмкін және оларды референдум тағайындаушы субъектілер бұрынғы
шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл өткеннен кейін ғана қайтадан
қарайды.

12-бап. Республикалық референдум комиссиялары

Референдум әзірлеу мен өткізуді:

Орталық референдум комиссиясының функциясын орындайтын Қазақстан
Республикасының Орталық Сайлау комиссиясы;

аумақтық референдум комиссияларының функциясын орындайтын аумақтық сайлау комиссиялары;

учаскелік референдум комиссияларының функциясын орындайтын учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларын құруды және олардың құрамын жасақтауды тиісті жергілікті атқарушы органдардың басшылары жүзеге асырады. Облыстардың және Алматы қаласының атқарушы органдарының басшылары қабылданған шешімдер жөнінде дереу Орталық референдум комиссиясына хабарлайды.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларын құру және олардың құрамын жасақтау мерзімдері Қазақстан Республикасының референдум өткізу туралы заңымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің осындай Жарлығымен белгіленеді.

13-бап. Орталық референдум комиссиясының өкілеттіктері

Орталық референдум комиссиясы:

дауыс беру уақытын белгілейді;

Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында референдум туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ оның түсіндірілуі мен бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді;

референдум әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады;

референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған шығыстар сметасының жобасын әзірлеп, бекітуге ұсынады;

референдум комиссияларының қызметін бағыттап отырады, олардың арасында референдум ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты бөледі;

референдум комиссияларының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайын бақылайды;

референдум туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды;

мыналарды:

дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, сайлаушылар тізімдерінің, қол қою парақтарының, референдум өткізу үшін қажетті өзге де құжаттардың нысандарын;

референдум құжаттарын сақтау тәртібін белгілейді;

референдумды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер

бойынша мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының есептерін тыңдайды;

референдум әзірлеу барысы жайында азаматтарды хабарландырады;

Қазақстан Республикасы бойынша толығымен референдумның

нәтижелерін қорытады, бұл жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында

хабар берілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексте және осы Жарлықта белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Аумақтық референдум комиссияларының өкілеттіктері

Аумақтық референдум комиссиялары:

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында референдум туралы заңдардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады және олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді;

учаскелік комиссиялардың қызметін ұйымдастырады, олардың арасында референдум өткізу үшін бөлінген қаражатты бөледі;

учаскелік референдум комиссияларының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайын бақылайды;

референдум туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды;

референдумды әзірлеу мен өткізуге байланысты мәселелер бойынша учаскелік референдум комиссияларының, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының есептерін тыңдайды;

референдумда дауыс беруге арналған бюллетеньдер әзірленуін қамтамасыз етеді;

учаскелік референдум комиссияларынан хаттамалар алады, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы референдум қорытындысын шығарады;

Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексте және осы Жарлықта белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15-бап. Учаскелік референдум комиссияларының өкілеттіктері

Учаскелік референдум комиссиялары:

республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін жасайды, осыған байланысты мәселелерді шешеді;

азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады, тізбедегі қателіктер мен жаңсақтықтар жөніндегі арыздарды қарайды және оларға тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді;

азаматтарды дауыс беру күні, уақыты, орны мен тәртібі туралы хабарландырады;

дауыс беру үшін үй жайларды дайындайды және дауыс беру кабиналары мен урналарының жасалуын қамтамасыз етеді;

референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастырады;

учаскедегі берілген дауыс санағын жүргізеді және дауыс беру нәтижелерін анықтайды;

учаскедегі дауыс беруге әзірлік пен оны ұйымдастыру мәселелері бойынша арыздар мен шағымдарды қарайды және солар жөнінде шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексте және осы Жарлықта берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16-бап. Референдум комиссияларының қызмет жағдайын қамтамасыз ету

Референдум комиссияларының өз өкілеттіктерінің шеңберінде қабылданған шешімдері барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық, бірлестіктердің, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

Референдум комиссиясының төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы немесе мүшесі комиссияның шешімі бойынша референдум әзірлеу мен өткізу кезеңінде референдум өткізуге бөлінген қаржының есебінен орташа жалақысы сақталып, өндірістік немесе қызмет бабындағы міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және лауазымды адамдар референдум комиссияларына олардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдесуге, олардың жұмысына қажет мәліметтер мен материалдарды беріп тұруға міндетті.

17-бап. Республикалық референдум өткізу жөніндегі бастамашыл топтың құрылуы

Егер референдум өткізу туралы бастамашылықты азаматтар көтерген жағдайда, Қазақстан Республикасының әр облысынан және астанасынан үш-үштен құрамында кемінде алпыс адам болатын референдумның бастамашыл тобы құрылады.

Референдумның бастамашыл тобы референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасының әр облысынан және астанасынан отыз-отыздан алты жүз азамат қатысқан жиналыста құрылады.

Референдум туралы мәселе бойынша жиналыс өткізуден кемінде он күн бұрын оның бастамашылары аумағында жиналыс өткізілетін жергілікті атқару органына жиналыстың уақыты, орны және мақсаты туралы жазбаша хабарлауға тиіс.

Жиналыстың алдында жиналысқа қатысушыларға тіркеу жүргізіледі, олардың міндетті түрде тегі, аты, әкесінің аты және тұрғын жері көрсетілген тізім жасалады.

Референдумның бастамашылар тобының мүшелері жиналысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен сайланады. Бастамашыл топтың

тізімінде топтың әр мүшесінің тегі, аты әкесінің аты және тұрғын жері көрсетіледі. Референдумға қойылатын сауалды оған тоқтамды жауап қайтарылуы үшін бастамашыл топ айқын тұжырымдауға тиіс.

18-бап. Референдумның мәселесін және бастамашыл тобын тіркеу

Референдумның бастамашыл тобы өзі референдумға ұсынатын мәселені тіркеуді сұрап Орталық референдум комиссиясына өтініш береді.

Референдумның бастамашыл тобы тіркеу кезінде мынадай құжаттарды табыс етуге тиіс:

- 1) референдумға ұсынылатын мәселені тіркеу туралы өтініш;
- 2) жиналыстың хаттамасы;
- 3) бастамашыл топ мүшелерінің тізімі.

Референдумға ұсынылатын мәселені, сондай-ақ бастамашыл топтың құрамын Орталық референдум комиссиясы тіркейді. Бұл жайындағы хабарды және қол қою парақтары жіберілуге тиіс мекен-жайды бұқаралық ақпарат құралдары хабарлайды.

Референдумға ұсынылатын мәселенің тұжырымдамасы қол қою парағына енгізіледі.

Референдумның бастамашыл тобына тіркеуді сұрап өтініш жасаған күнінен бастап бір ай мерзім ішінде тіркеу туралы куәлік беріледі. Референдумның мәселесін және бастамашыл тобын тіркеу туралы куәліктің нысанын Орталық референдум комиссиясы бекітеді.

Осы Жарлықтың талаптары бұзылған жағдайда тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

19-бап. Қол жинаудың тәртібі мен мерзімдері

Референдумның бастамашыл тобы тіркеу туралы куәлікті алған күннен бастап азаматтардың қолын жинауды ұйымдастырады. Қол жинауды Қазақстан Республикасының сайлау құқығы бар азаматтары жүзеге асырады.

Референдумның бастамашыл тобына қол қою парақтарын Орталық референдум комиссиясы береді.

Қол жинайтын адам бастамашыл топтың тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін және қол қою парағын көрсетеді. Әрбір азамат қол қою парағына тек бір рет қана қолын қоюға құқылы. Бұл ретте азамат паспортын немесе жеке басының куәлігін көрсетеді. Азаматтың қолы оның тегін, атын, әкесінің атын, тұратын жерін, құжаттың деректемелерін және параққа қол қойылған мезгілін көрсетумен толықтырылады.

Толтырылған әрбір қол қою парағына қол жинаған адам қол қоюға және оны қол жинаған жердегі жергілікті атқарушы органның басшысы растауға тиіс.

Жергілікті атқарушы органның басшысы растамаған қол қою парақтары немесе белгіленбеген үлгідегі қол қою парақтары, сондай-ақ осы жарлықтың өзге де талаптары бұзылып толтырылған қол қою парақтары жарамсыз болып танылады.

Аумақтық референдум комиссиясы қол қою парақтарындағы азаматтардың қолының дұрыстығын тексеруге құқылы. Тексеріс материалдарының негізінде аумақтық референдум комиссиясы қорлардың дұрыстығы туралы қорытынды шығарады және оны Орталық референдум комиссиясына жібереді.

20-бап. Қол жинау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

Қол жинау және қол қою парақтарын ресімдеу тәртібінің бұзылғаны анықталған жағдайда аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Орталық референдум комиссиясына тиісті ұсыныс енгізеді.

Орталық референдум комиссиясы ұсыныс енгізілген күннен бастап бір ай мерзімде жөнсіздікке жол берген бастамашыл топ мүшелерінің қызметін тоқтату туралы, осы Жарлық талаптарының бұзылғаны анықталған қол қою парақтарын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдай алады.

Қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған бастамашыл топ мүшелерін қайта сайлауға жол берілмейді.

Бастамашыл топ жинау және қол қою парақтарын ресімдеу тәртібін қайталап бұзған жағдайда Орталық референдум комиссиясы референдумның бастамашыл тобының қызметін тоқтату және оны тіркеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдай алады.

21-бап. Қол жинау нәтижелері бойынша қол қою парақтары мен қорытынды хаттаманы жіберу

Қол жинауды жүзеге асырған адамдар толтырылған қол қою парақтарын референдумның бастамашыл тобына жібереді. Бастамашыл топ қол жинаудың нәтижелері туралы жиынтық деректерді жинақтайды және қол жинау аяқталған күннен бастап он күннен кешіктірілмей толтырылған қол қою парақтары мен жиынтық деректерді Орталық референдум комиссиясына жібереді.

Орталық референдум комиссиясы табыс етілген қол қою парақтары осы Жарлықтың талаптарына сәйкес келген ретте қол жинаудың нәтижелерін қорытынды хаттамаға енгізеді. Референдум өткізу туралы ұсыныс қол жинаудың нәтижелері жайындағы қорытынды хаттамамен бірге референдумның бастамашыл тобынан құжаттарды алған

күннен бастап бір айдың ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне жіберіледі.

Қол қою парақтары мен қол жинаудың нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамалар референдум жолымен қабылданған шешім

жарияланған күннен бастап алты ай бойы Орталық референдум комиссиясында сақталады.

22-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің республикалық референдум өткізу бастамашылығы жөнінде шешім қабылдауы

Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіметтің немесе азаматтардың бастамашылығы бойынша референдум өткізу туралы мынадай:

референдум өткізу туралы;

референдум өткізбей-ақ, талқылау ретінде ұсынылатын мәселе бойынша заң немесе өзге шешім қабылдау қажеттігі туралы;

референдум өткізу туралы ұсынысты қабылдамау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

23-бап. Республикалық референдум өткізу туралы шешім

Референдум өткізу туралы Қазақстан Республикасының заңы немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы конституциялық заңының, заңының жобасы немесе референдумға қойылған өзге де шешімнің жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Референдум өткізу туралы Қазақстан Республикасының заңында немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығында:

оны өткізу мезгілі;

референдумға қойылатын мәселенің тұжырымы белгіленеді;

референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі.

Референдум бастамашыларының келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті референдум өткізу туралы шешім қабылдау кезінде оның бастамашыларының еркін неғұрлым дәл білдіру үшін референдумға қойылатын мәселенің тұжырымын нақтылай түсуге құқылы.

24-бап. Республикалық референдум өткізудің мерзімі

Референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен

бастап, бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде

өткізіледі. Ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасының Жоғарғы

Кеңесі немесе Президенті референдум өткізудің басқа мерзімдерін

белгілеуі мүмкін.

III тарау. Республикалық референдум өткізу тәртібі

25-бап. Республикалық референдумға қатысу құқығы

бар азаматтардың тізімі

Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін жасау,

оған азаматтарды енгізу, олардың тізімге енбей қалу, тізімге дұрыс енгізілмеу, немесе тізімнен шығарылу жәйттеріне, онда жіберілген жаңсақтықтарға шағымдану, сондай-ақ өзінің жүрген орнын ауыстырған жағдайда азаматтардың референдумға қатысу құқығын қамтамасыз ету тәртібін Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексі және осы Жарлық белгілейді.

26-бап. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру уақыты мен оның орны туралы хабарлау

Дауыс беру уақыты мен орны туралы учаскелік референдум комиссиясы азаматтарға дауыс беретін күннен кемінде он күн бұрын хабарлайды.

Дауыс беретін үй-жайда көрнекті жерге референдумға қойылған заң жобасының немесе басқа да шешім жобасының мәтіні ілінуге тиіс.

27-бап. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетень

Референдумда дауыс беруге арналған бюллетеньнің нысанын Орталық референдум комиссиясы дауыс беретін күннен кемінде он бес күн бұрын бекітеді . Дауыс беруге арналған бюллетеньдер мемлекеттік тілде және ұлтаралық қатынас тілінде немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жинақы тұратын халықтың көпшілігінің тілінде шығарылады.

Дауыс беруге арналған бюллетеньге референдумға қойылған әрбір мәселенің тұжырымы және дауыс берушінің "иә" немесе "жоқ" деген жауабының нұсқалары көрсетіледі.

Егер референдумға бірден бірнеше мәселе қойылған болса, олардың әрқайсысы үшін пайдаланылатын дауыс беруге арналған бюллетеньдер түсі жағынан ажыратылуға тиіс.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жасау тәртібін Орталық референдум комиссиясы белгілейді.

Учаскелік референдум комиссиялары дауыс беру өткізілерден кемінде үш күн бұрын дауыс беруге арналған бюллетеньдермен қамтамасыз етіледі.

28-бап. Республикалық референдумның қорытындыларын шығару кезіндегі жарамсыз бюллетеньдер

Референдумның қорытындыларын шығару кезінде белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер мен учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Сонымен қатар:

қойылған сауалға ұсынылған жауаптардың бірде біреуі сызылмаған;

қойылған сауалға ұсынылған жауаптың екі нұсқасы да сызылған;

сайлаушылардың еркін білдіруін анықтау нендей бір себептермен мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Референдумның қорытындыларын шығару кезінде бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешімді учаскелік референдум комиссиясы қабылдайды. Келіспеушілік пайда болған жағдайда мәселені учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру жолымен шешеді.

29-бап. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беру

Қазақстан Республикасының аумағында дауыс беру мерзімі, орны, ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодекске және осы Жарлыққа сәйкес белгіленеді.

Дауыс беру кезінде азамат бюллетеньде көрсетілген "иә" немесе "жоқ" деген жауаптардың бірін сызып тастайды. Дауыс берушінің бұл талапты бұзуы осы Жарлықтың 28-бабына сәйкес бюллетеньді жарамсыз деп тануға әкеліп соғады.

30-бап. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс берудің нәтижелерін жарамсыз деп танудың салдары

Референдумды өткізу кезінде жөнсіздіктерге жол берілгені туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша Конституциялық Сот жөнсіздіктер анықталған учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) не болмаса Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында референдум Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейді деп тануға құқылы.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендей жағдай орын алғанда Орталық референдум комиссиясы: алты айдың ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қайтара дауыс беруді өткізу туралы; жөнсіздіктер анықталған учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) бір айдың ішінде қайтара дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

31-бап. Дауыстарды санау және республикалық референдум нәтижелерін анықтау

Учаскеде, әкімшілік-аумақтық бірлікте дауыстарды санау және референдумның нәтижелерін анықтау Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодекске және осы Жарлыққа сәйкес жүргізіледі.

32-бап. Республикалық референдумның қорытындыларын шығару

Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде:

Қазақстан Республикасының дауыс беруге арналған тізімдерге

енгізілген азаматтарының жалпы санын;

дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын;

"иә" деп дауыс берген азаматтардың, "жоқ" деп дауыс берген азаматтардың санын және дауыс беруге қойылған жекелеген әрбір сауал бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің санын анықтайды.

Егер дауыс беруге арналған тізімдерге енгізілген азаматтардың кемінде жартысы дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады.

Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі оны қолдаған болса, ол жөнінде шешім қабылданады деп саналады.

Дауыс берудің нәтижелері Орталық референдум комиссиясының мәжілісінде шығарылып, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының Төрағасы, Төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қолдарын қояды.

33-бап. Республикалық референдумның қорытындыларын жариялау

Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс берген күннен бастап бір апта мерзімнен кешіктірілмей жарияланады.

IV тарау. Қорытынды ережелер

34-бап. Республикалық референдум қабылдаған шешімдердің күшіне енуі

Референдум қабылдаған Қазақстан Республикасының заңдары, өзге де шешімдер, егер заңның немесе шешімнің өзінде басқа мерзім белгіленбесе, референдумның қорытындылары жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

35-бап. Республикалық референдум қабылдаған шешімдердің заң күші және міндеттілігі

Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар және Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік өкімет органдарының нендей бір актілермен қуатталуын қажет етпейді.

Референдум қабылдаған шешім мен Қазақстан Республикасы Конституциясының, сондай-ақ заңдарының арасындағы сәйкессіздік Конституция мен заңдарды референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады.

36-бап. Республикалық референдум туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасы азаматының референдумға қатысу жөніндегі құқығын еркін жүзеге асыруына қандай да болсын нысанда кедергі келтіру және

оған қойылған мәселе бойынша үгіт жүргізу, сайлау құжаттарын қолдан жасау, дауыстарды қасақана дұрыс санамау, дауыс беру құпиясын бұзу немесе Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы кодексті және осы Жарлықты басқадай бұзу заңда

белгіленген тәртіппен жауапты болуға әкеліп соғады.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері жөніндегі іс-әрекетіне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

37-бап. Осы Жарлықты күшіне енгізу тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті